

Қармақшы ауданы бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 20 тамыздағы № 1002 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 тамызда № 6899 болып тіркелді.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3-бабының 7-тармағына және 6-бабының 2-тармағына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қармақшы ауданы бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбелерін бекіту туралы"Қармақшы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 656 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6180 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 16 наурызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қармақшы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. МАКАШОВ

"КЕЛІСІЛДІ"

Облыстық жолаушылар
көлігі және автомобиль
жолдары басқармасының
басшысы

Е.Әбдіқалықов

Қармақшы ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 20 тамыздағы
№ 1002 қаулысына қосымша

Қармақшы ауданы бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 20.05.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысы.

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым

1	KNC-1	Самара- Шымкент- Төребай би	24
2	KNC-2	Самара- Шымкент- Иіркөл	5
3	KNC-3	Самара- Шымкент- Жаңажол	7
4	KNC-4	Самара-Шымкент- III-Интернационал	1
5	KNC-5	Самара- Шымкент- Ақтөбе	1
6	KNC-6	Самара-Шымкент-Ақжар - Тұрмағанбет- Көмекбаев	98
7	KNC-7	Самара- Шымкент- Төретам	2
8	KNC-8	Жалағаш-Жосалы-Қарма қшы	1
9	KNC-9	Жалағаш-Жосалы-Қызыл там	4,6
10	KNC-10	Жалағаш- Жосалы- Марал Ишан	6,5
11	KNC-11	Төретам- Ақай айналма жолы	5,25